

Портативті электронды жабдықтарды тасымалдау ережелері

1. Ішіне литий батареялары орнатылған жабдықтарды тасымалдау

Құрылғыдағы батарея түрі	Энергия сыйымдылығы / литий мөлшері	Ұшақта тасымалдау	Әуекомпания мақұлдауы қажет пе?	Бір жолаушыға шаққандағы лимит (барлық батарея түрлерін қосқанда)
Литий-ионды (Li-ion)	100 Вт-сағ дейін	Қол жүгінде тасымалдау қатаң түрде ұсынылады. Жолжүкте болса — толық өшірулі және кездейсоқ қосылып кетуден қорғалған болуы тиіс.	жоқ	Барлығы 15 құрылғы
	100–160 Вт-сағ		иә	Әуекомпаниямен келісу бойынша
	160 Вт-сағ-тан асса	Тек жүк (cargo) ретінде тасымалданады	—	—
Литий-металды (Li-metal)	2 г дейін	Қол жүгінде тасымалдау қатаң түрде ұсынылады. Жолжүкте болса — толық өшірулі және кездейсоқ қосылып кетуден қорғалған болуы тиіс.	иә	Барлығы 15 құрылғы
	2–8 г (тек медициналық құрылғылар үшін)		иә	Әуекомпаниямен келісу бойынша
	8 г-нан асса	Тек жүк (cargo) ретінде	—	—

2. Қосалқы / бөлек тасымалданатын батареялар (оның ішінде Power Bank-тер)

Қосалқы батареялар жеке қорғалуы керек: не өндірушінің түпнұсқалық қаптамасында болуы тиіс, немесе қысқа тұйықталуды болдырмау үшін олардың клеммалары оқшаулануы қажет.

Батарея түрі	Энергия сыйымдылығы / литий мөлшері	Ұшақта тасымалдау	Әуекомпания мақұлдауы қажет пе?	Бір жолаушыға шаққандағы лимит (барлық батарея түрлерін қосқанда)*
Литий-ионды (Li-ion)	100 Вт-сағ дейін	тек қол жүгінде	жоқ	20 батарея (барлығы); сыртқы аккумуляторлар (power banks) – максимум 2 дана
	100–160 Вт-сағ	тек қол жүгінде	иә	2 батарея; 2 сыртқы аккумулятор (power banks)
	160 Вт-сағ-тан асса	Тек жүк (cargo) ретінде	—	—
Литий-металды (Li-metal)	2 г дейін	тек қол жүгінде	жоқ	20 батарея (батареялардың барлық түрлерін қосқанда)
	2–8 г	тек қол жүгінде	иә	2 батарея
	8 г-нан асса	Тек жүк (cargo) ретінде	—	—

Егер батареялар әуекомпанияның мақұлдауын қажет ететін параметрлерге сәйкес келсе, алдын ала толтырылған форманы қоса бере отырып, **сұраныс** жіберу қажет.

* Жекелеген елдердің литий батареялары мен Power Bank-терді тасымалдауға қатысты талаптары қатаңырақ болуы мүмкін. Мысалы, Сеулден ұшатын рейстерде әрқайсысының қуаты 100 Вт-сағ дейін болатын 5-тен аспайтын литий батареясын тасымалдауға рұқсат етіледі. Сапар алдында межелі елдің, ал ауысып міну жағдайында транзит елінің өзекті талаптарын нақтылау ұсынылады.